

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**  
**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған  
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ**

Бекітемін  
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға  
арналған музыкалық мектеп-интернат»  
Кешені» ММ-нің басшысы  
С.Қ. Сыздықов  
2018 ж. « 09



**«Фортепиано» білім беру  
бағдарламасының сапасын  
қамтамасыз ету  
саясаты**

**Павлодар 2018**

**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.**

**«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ-де Павлодар облысында кәсіби музыкалық білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін бірізділік қағидаларынан құралған әрденгейлі модульдерден түрратын жұмыс жүйесі қолданылады.**

**«Фортепиано» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты  
Кешен сапасын қамтамасыз ету саясатына сәйкес келеді.**

**Сапаны қамтамасыз ету саясаты  
Кешенниң Бағдарына, Стратегиялық мақсаттары мен Миссияларына сәйкес  
келеді**

### **Фортепиано білім беру бағдарламасының бағдары**

Оқу процесін ұйымдастыруда, инновациялық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, бағдарламаға қатысуышыларды әдістемелік қамтамасыз етуде, фортепианолық орындау өнері саласында жаңа мәнерлі ресурстарды ашуда жетекші білім беру бағдарламасы болу.

### **Фортепиано білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты**

Кәсіби музыкалық білім алуға және педагогикалық, орындаушылық, концертмейстерлік, музыкалық ағартушылық жұмыс бойынша тәжірибе дағдыларын игеруге, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарының негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуына, тәжірибедегі жетістіктерге жетуге қажетті жағдайларды жасай отырып, білім беру саласындағы қызметтерін сапалы көрсету.

### **Фортепиано білім беру бағдарламасының миссиясы**

Пионист орындаушы, оқытушы және концертмейстердің базалық және кәсіби құзыреттеріне ие кәсіби музыкалық білім беру саласындағы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды оқыту. Жұмысқа деген көзқарасын жеке мысал арқылы көрсете отырып, мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға ұмтылу және Миссия ұстанымдарын ұстану.

### **Құндылықтар**

Білім  
Руханият  
Кәсіпқойлық  
Бәсекеге қабілеттілік

Патриотизм  
Академиялық адалдық  
Инновациялылық  
Креативтілік

### **Сапаны қамтамасыз ету қағидалары**

1. Сапаны қамтамасыз ету және оны құжаттау жауапкершілігі «Фортепиано» білім беру бағдарламасының басшысына жүктеледі және оқытушылар, студенттер және ата-аналармен орындалады.

2. "Фортепиано" білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз етілуінің дамытуда өз оқытушыларының кәсібілігіне, басқа білім беру бағдарламалары қатысуышыларымен жүргізілетін диалогқа және өзара білім алмасуға негізделеді.

3. Сыртқы мүдделі тараптар тұрақты негізде үрдіске қатысады және сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

4. Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін саясатты түсіндіру, нақты міндеттерді енгізу, міндеттерді айқын бөле отырып барлық деңгейдегі үрдіске қатысушыларға тиісті рәсімдер мен ережелерді ілгері бастыру үрдісі жүзеге асырылады.

5. Сапа жүйесі «Фортепиано» білім беру бағдарламасы қызметінің оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік -барлық бағыттарын қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

6. Білім беру бағдарламасының кадрлық құрамы, оқу-материалдық базасы, оқу-әдістемелік тәжірибе, педагогикалық және тәрбие жұмысының дәстүрлері саясатты жүзеге асырудың ресурстары болып табылады.

### **«Фортепиано» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары**

1. «Фортепиано» білім беру бағдарламасына қатысушылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жұмыста кәсіптік қызметте жоғарғы деңгейге қол жеткізу және кәсіпқойдың барлық қасиеттерінің оның талаптарына сай болу қажеттілігіне баса назар аудару.

1. Эрбір блок басқа блокқа қатысты кәсіби базалық және тәжірибелік болып табылатын үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін сабактастық қағидаларынан құралатын «Фортепиано» білім беру бағдарламасының сапалы білім беру қызметін қамтамасыз ету (музыкалық мектеп – интернат, базалық балалар музыка тәжірибесі мектебі – музыка колледжі).

3. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес сапалы заманауи білім беру және білім алушылардың кәсіби музыкалық даярлығын ұсыну мақсатында білім беру бағдарламасы шенберінде бағдарламаларды енгізу, жетілдіру және жаңарту.

4. Фортепианолық орындаушылықты жалпы музыкалық мәдениет пен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы үдерісінің бір бөлігі ретінде зерделеу.

5. Білім беру бағдарламасының қатысушылары үшін мәдени-шығармашылық тәрбие ортасын құру, концерттік қызметке, конкурстарға және т.б. қатыса отырып, білім алушының жеке әлеуетін барынша толық ашуға, оның өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі жүзеге асыруына, дарынды жастардың дамуын қолдауға ықпал етеді.

6. Өңірді орта буын мамандар қатарына жататын, мамандық аясында білімі мен біліктілігі бар және еңбек нарығында әлеуметтік ұтқырлығы мен тұрақтылығына ықпал ететін жеке қасиеттерге ие оқытушы пианистер және концертмейстерлермен қамтамасыз ету.

7. Оқытушылардың өнімді, білім беру және ақпараттық технологияларды менгеруде кәсіби-тұлғалық өздігінен білім алу жүйесін құруға, танымдық ортаның жоғары деңгейін құруға, нәтижесінде білім беру сапасын қамтамасыз ететін әр оқытушының кәсіби мәртебесін арттыруға бағытталған «Фортепиано» білім беру бағдарламасы оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту. Білім беру бағдарламасы студенттерінің кәсіби қасиеттерін қалыптастыру.

8. Музыкалық білім беру үйимдары пайдаланатын заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды менгерумен байланысты оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін, біліктілігін арттыру. Жаңа талаптарға сай келетін корпоративтік мәдениет пен ішкі бәсекелестік ортаны құру.

9. Кәсіби музыкалық білімді есепке ала отырып, тәрбие жұмысына жүйелі көзқарас.

10. «Фортепиано» білім беру бағдарламасына қатысушылардың әр түрлі бағыттағы және жанрлардағы музыканы танымал етуге, фортепианолық орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған белсенді концерттік – орындаушылық, конкурстық қызметі.

12. Республикалық және халықаралық оқыту мен орындаушылық деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін ауқымды инновациялық жобаларға қатысу, өнірлік фортепианолық

орындаушылық мектепті, фортепианолық өнер саласында қазақстандық музикалық білім беруді танымал етуге ықпал ету.

13. Оқытушылар мен студенттердің әлеуметтік қорғалуын күшету.

14. Оқыту, креативті қызмет, инновациялық өндіріс үшін қолайлы және дамытушы ортаны қамтамасыз ету.

**Колледждің «Фортепиано» білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды мойнына алады:**

- осы саясатты Фортепиано білім беру бағдарламасының барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;

- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы Саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;

- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;

- барлық мұдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Фортепиано» бөлімінің отырысында қаралды

2018 ж. 14.09. № 2 Хаттама